

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
БІРІНШІ ИНСТАНЦИЯДАҒЫ СОТЫ

2023 жылғы 2 мамыр

№: AIFC-C/CFI/2023/0003 ic

«Qosil Limited» Жеке компаниясы

Талап қоюшы

қарсы

Қожабай Әбділда Әлібекұлы

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Сэр Стивен Ричардс КС

БҰЙРЫҚ

Апелляцияға рұқсат алу туралы өтініш қабылданбай тасталды.

ШЕШІМ

1. АХҚО Ұсақ даулар соты («ҰДС») №: AIFC-C/SCC/2022/0021 іс бойынша 2022 жылғы 19 желтоқсанда шығарылған шешіммен Әбділда Қожабай мырзаның («Талап қоюшы») Qosil Limited компаниясына («Жауапкер») қарсы қойылған, оның айтуынша, олардың арасындағы еңбек шартын бұзумен байланысты залалды өтеу туралы талабын шешті. Талап қою АХҚО Еңбек регламентінің, АХҚО-ның 2017 жылғы №4 регламентінің («Еңбек регламенті») негізінде берілді. Шешімде көрсетілгендей, ҰДС әр тараптың жазбаша дәлелдері мен ұсынымдарына сүйенді, олар Zoom арқылы қашықтан тыңдауда егжей-тегжейлі қаралды, онда Талап қоюшы өз мүдделерін өз бетінше білдірді, ал Батыков мырза Жауапкер атынан өкілдік етті. Сот екі мәселені шешуі керек еді: (1) Талапкердің Еңбек регламентін қолдануға болатын еңбек шарты болды ма? және (2) егер болса, Талап қоюшының қандай залалды, егер олар бар болса, өтетуге құқығы бар? Сот бірінші сұраққа оң жауап берді, ал екінші сұраққа қатысты Талап қоюшының 648 538 теңге төленуіне құқығы бар екенін анықтады.
2. 2023 жылғы 23 ақпандағы өтініш нысанында Жауапкер АХҚО-ның Бірінші инстанциядағы сотына осы шешімді апелляцияға беруге рұқсат алу үшін жүгінді. Талап қоюшы апелляцияға рұқсат алу туралы өтінішке АХҚО Сотының 29.13-ережесінде көзделген өз құқығын көп дәрежеде пайдаланбау шешімін қабылдап, өтнішке қарапайым қарсылық білдірді.
3. Жауапкер өзінің өтінішінде ауызша тыңдау өткізуді сұрады. Дегенмен де, өтінішті ауызша тыңдаусыз қағаз жүзінде әділ қарауға болатынына менің көзім жетеді (АХҚО Сотының 29.17 ережесін қараңыз).
4. АХҚО Соты қағидаларының 29.6-ережесінде: Апелляциялық сот (1) апелляцияның сәтті болуы мүмкіндігі бар деп; немесе (2) апелляциялық шағымның қаралуы үшін тағы бір салмақты себеп бар деп санаса, апелляцияға рұқсат берілуі мүмкін екендігі көзделген. 29.7 қағидаға сәйкес, апелляцияның сәтті болуы төменгі Соттың шешімі (1) дұрыс емес; немесе (2) төменгі Сотта сот ісін жүргізудегі елеулі процестік немесе өзге де бұзушылықтар себебінен әділетсіз болғандығын анықтауға байланысты.
5. Жауапкердің өтінішті қолдау үшін жасалған ұсынымдарының бірінші бөлігі «Сот өз шешімінде баяндаған істің нақты мән-жайлары шындыққа сәйкес емес» бөлімінде келтірілген. Қарсылықтардың мәні Жауапкердің Талап қоюшыға жұмыс ұсынуы туралы бірқатар тұжырымға келіп саяды. Талапкердің Сот қабылдаған мәлімдемелері жалған, дәлелдермен расталмаған, негізсіз және жарамсыз деп әртүрлі сипатталады. Сот оларды заңсыз қабылдағаны, Талап қоюшының айтқандарын дәлелдеуді талап етпей, Сот елеулі процестік бұзушылыққа жол бергені, Сот объективті және әділ шешім қабылдайтындай жағдайда болмағаны, сондай-ақ АХҚО Сотының қағидаларының 18-бөлігінде жазылған дәлелдеме

мәселелеріне қатысты процедуралар сақталмағаны мәлімделді. Әйтсе де, менің пікірімше, бұл тармақтардың ешқайсысы да даулы емес. ҰДС-тағы тыңдаулар бейресми болуы тиіс және қатаң дәлелдеу ережелері қолданылмайды (мысалы, АХҚО Сотының қағидаларының 28.29–28.35 қағидаларын қараңыз; Сондай-ақ 28.7(6) қағиданы қараңыз, оған сәйкес 18-бөлімнің ұсақ талап қоюларға нақты қолданылатын жалғыз ережелері дәлелдемелерді бақылауды жүзеге асыру жөніндегі 18.1 және 18.6 қағидаларының өкілеттіктері болып табылады). Сот бұл мәселеде кеңінен таңдау еркіндігіне ие. Мен Соттың осы істегі дәлелдемелерге көзқарасында қате ештеңе болмағанына және Сот жасаған нақты тұжырымдар, соның ішінде оның Талап қоюшының мәлімдемелерімен келісуі дұрыс жасалғанына сенімдімін.

6. Апелляцияға рұқсат беру туралы өтініштің негіздемесі ретінде берілген ұсынымдардың екінші бөлігі «Еңбек шартының жарамдылығына қатысты соттың ұстанымы» тармағында келтірілген. Бұл еңбек шартының екі негіздің бірі немесе екеуі де бойынша бар екендігі туралы ҰДС-тың қорытындысына қатысты: (i) *Freeman & Lockyer (a Firm)* қарсы *Buckhurst Park Properties (Mangal) Ltd* [1964] 2 QB 786 ісінен туындайтын айқын немесе анық өкілеттіктер және Соттың пікірінше, Еңбек Регламентінің мәнмәтінінде қолданылуы тиіс одан кейінгі прецеденттік құқық, қағидаттар; және (ii) Жауапкер өзінің әрекетімен шарттың талапшарттарын қабылдады және/немесе өзінің шарттың талапшарттарымен байланысты екенін жоққа шығару құқығынан айырылды. Сот сонымен қатар Еңбек Регламентін дәл осылайша түсіндіру үшін салмақты негіз келтірді. Жауапкердің осы тармақ бойынша қарсылықтары, ең алдымен, оның қаралып қойылған нақты Сот тұжырымдарына қатысты сыни ескертпелеріне негізделген; және *Freeman & Lockyer* ісіндегі шарттар орындалмады деп мәлімделген. Дегенмен, Сот тиісті түрде жасалған нақты тұжырымдарының негізінде айқын немесе анық өкілеттіктерді мойындау шарттары орындалғанына және бұл қағидаттарды Сот Еңбек Регламентінің аясында дұрыс қолданғанына менің көзім жетеді: бұған кері аргумент сәтті бола алмайды. Бұл Соттың еңбек шартын мойындауы үшін жеткілікті негіз болып табылатындығын ескере отырып, Жауапкердің Сот қараған балама негізге немесе ұсынылған дәлелді негіздерге қатысты одан әрі қарайғы сыни ескертулерін қарастырудың қажеті жоқ (мен осы сындардың кез-келгенінің негізділгендігімен келіспесем де).
7. Апелляцияға рұқсат беру туралы өтініштің негіздемесі ретінде берілген ұсынымдардың үшінші бөлігі «Өтелуге жататын соманы есептеу» тармағында келтіріледі. Жауапкер ҰДС-тың Талап қоюшы Жауапкерде жұмыс істеген кезең үшін шарт бойынша төленуге жататын жалақыға қосымша, ол хабарлау үшін берілетін 7 күндік ақылы мерзімге, демек, 60-бапқа сәйкес 86 538 теңге мөлшерінде қосымша сомаға құқылы екендігі туралы қорытындысына қарсылық білдіреді (2). 60 (2) бапта егер қызметкер жұмыс берушіде 1 ай немесе одан да көп уақыт бойы үздіксіз жұмыс істесе, «қызметкерді жұмыстан шығару үшін жұмыс беруші жіберуі тиіс хабарлама ... егер үздіксіз жұмыс мерзімі 3 айдан аз болса, 7 күннен кем болмауы керек» деп көзделген. Жауапкер бұл ереже хабарлама кезеңіне *ақы төленетінін* анықтамайды деп мәлімдейді. Бұльның еш маңыздылығы жоқ: хабарлау үшін белгіленген мерзім қызметкердің төлем алуға құқығы бар үздіксіз жұмыс кезеңі екені анық. Жауапкер сондай-ақ Еңбек Регламентінің 65-бабына сілтеме жасайды, бірақ онда еңбек қатынастары тоқтатылған кезде Регламентте, Регламентке сәйкес қабылданған қағидаларда және еңбек шартының өзінде көзделген құқықтардан басқа қызметкердің жұмыс берушіден өтемақы немесе төлем алуға құқығы жоқ екені ғана көзделген. Бұл Талап қоюшының 86 538 теңге мөлшерінде қосымша

сомаға құқығы бар деген шешім шығару кезінде ҰДС дұрыс сүйенген 60(2) баптың күшін өзгертпейді.

8. Тиісінше, мен Ұсақ даулар сотының шешіміне апелляция сәтті бола алмайтынына менің көзім жетеді. Апелляцияны қарау үшін басқа да салмақты себептер жоқ. Сондықтан апелляцияға рұқсат беру туралы өтініш қабылданбай тасталуы тиіс.

Сот қабылдады,

Сэр Стивен Ричардс КС
Судья, АХҚО Соты

Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан заңгер Рауан Батықов мырза өкілдік етті, ILFA & А Халықаралық заң компаниясы.

Жауапкер өз мүдделерін өзі білдірді.